

5.4. Баланың есту және көру қабілетін тексеру

Есту немесе көру қабілетінде қиындықтары болуы мүмкін 6 айлық және одан асқан балалар үшін Ата-анаға немесе тәрбиешіге мынадай сұрақтар қойыңыз:



Есту

- ♦ Балаңыз артында бірдеңе айтып сөйлеп тұрған адамды көру үшін басын бұра ма?
- ♦ Балаңыз күшті немесе қатты дауысқа елендей ме?
- ♦ Бала әр түрлі дыбыстарды айта ала ма (тата, дада және баба)?



Есту

- ♦ Балаңыз сіздің көзіңізге қарай ма?
- ♦ Балаңыз басы мен көзін бұрып, қозғалып бара жатқан затқа көзі түсе ме?
- ♦ Балаңыз таныс адамдарды тани ма (анасын, әкесін, ағасын немесе апасын)?
- ♦ Балаңыз заттарға жармасып, ұстай ала ма?

Егер ата-аналар (тәрбиешілер) жауап беруге қиналса, оны қалай анықтауға болатынын түсіндіріңіз. Мысалы, олар баланың артында тұрып алақандарын қатты шапалақтап, дыбыс шығарады. Және қозғалып тұрған қарындашқа бала басын бұрып қарап, көзімен оның қозғалысын бақылайтынын-бақыламайтынын қадағалайды. Көруі мен естуін тексеру үшін бала тыныш әрі аса сырқат болмауға тиіс.

Егер осы сұрақтардың кез келгеніне «жоқ» деген жауап берілсе, баланың естуінде немесе көруінде қиындықтардың болуы мүмкін. Баланы әрі қарай тексеру үшін мамандандырылған қызметтерге жіберіңіз.